

**"Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына өмірлік қиын жағдай туындаған кезде көрсететін әлеуметтік көмектің шекті мөлшерін бекіту туралы" 2014 жылғы 8 тамыздағы № 174 аудандық мәслихатының шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 2015 жылғы 12 мамырдағы № 236 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 мамырда № 4334 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 2017 жылғы 17 ақпандағы № 105 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 17.02.2017 № 105 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 2-3 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Әйтеке би аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 8 тамыздағы № 174 "Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына өмірлік қиын жағдай туындаған кезде көрсететін әлеуметтік көмектің шекті мөлшерлерін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4006 тіркелген, 2014 жылы 4 қыркүйектегі "Жаңалық жаршысы" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

2 тармағының 2 тармақшасындағы "аудандық білім бөлімі" деген сөздер "" Әйтеке би аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың  
сессия төрағасы  
Т.Әбдіжәлелов*

*Аудандық мәслихаттың  
хатшысы  
А.Ермағамбет*

